

**Қазақстан Республикасы**  
**Қаржы нарығын және**  
**қаржы ұйымдарын реттеу мен**  
**қадағалау агенттігі**

**№ 217 баспасөз – релизі**

**«Темірбанк» АҚ-ның Қайта құрылымдау**  
**жоспарында көзделген шаралар кешенін**  
**жүзеге асыруы туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы 2010 жылғы 07 шілдеде № 100 «"Темірбанк" акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» қаулысын қабылдады, ол қаулыға сәйкес Агенттік Басқармасы өзгемен қатар Алматы қаласындағы Мамандандырылған қаржы сотына (бұдан әрі – Сот) «Темірбанк» АҚ-ны (бұдан әрі – Банк) қайта құрылымдауды тоқтату туралы арыз беру жөнінде қаулы етті.

Банк Басқармасының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 520 шешімімен бекітілген және Банктің конкурстық кредиторларының 2010 жылғы 31 наурыздағы жиналысында мақұлданған Ақпараттық меморандумдағы Банкті қайта құрылымдау жоспарында (бұдан әрі – Қайта құрылымдау жоспары) көзделген шаралар кешенін Банктің жүзеге асырғанына байланысты осы қаулы қабылданды.

Жоспарланған іс-шаралардың жүзеге асырылғаны нәтижесінде жалпы Банктің жағдайы жақсарды, оның ішінде Банктің меншікті капиталы Агенттік талап еткен деңгейге дейін жетті. Мәселен, Банктің Агенттікке ұсынған есептілігіне сәйкес Банктің меншікті капиталы 2010 жылғы 01 шілдеде 18 170 765 мың теңге (2009 жылғы 01 қыркүйектен 2010 жылғы 01 маусымға дейінгі жағдай бойынша Банктің меншікті капиталы теріс мәнді болған еді) болды.

Банк кредиторларының борышты ішінара есептен шығаруы мен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның инвестициялары, сондай-ақ жергілікті облигациялардың бір бөлігін реттелген борышқа айырбастау есебінен Банктің қаржылық жағдайының жақсаруына қол жетті.

Баяндалған жайттарды ескере отырып, Сот 2010 жылғы 19 шілдеде Банкті қайта құрылымдауды тоқтату туралы шешім қабылдады.